

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында  
жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында  
«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесін  
ұйымдастыру.

Джанузакова А.К.

Нұр-Сұлтан қаласы «Өзін-өзі тану» мұғалімдері  
ассоциациясының жетекшісі, «ASTANA POLYTECHNIK»  
жоғары колледжінің оқытушысы.

*Маған айтып берсең - ұмытып қаламын,  
көрсетсең - есімде сақтаймын,  
өзіме жасатсаң үйренемін.*



*Конфуций*

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыру өте маңызды мақсаттардың бірі. Себебі, жаңаша әдіс-тәсілдерді оқып үйрену - заман талабы болып табылады. Білім саласының басты мақсаты күзіретті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының да басты мақсаттарының бірі болып, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігің тап та бар қалаң», - деп Абай атамыз айтып кеткендей, осы өмірде өз орнын тапқан, бақытты өмір сүру ережелерің меңгерген, сабырлы, саналы, адамгершілігі мол, көзі ашық, көкірегі ояу, өз отбасын, мамандығын сүйетін, бақытты адам тәрбиелеу болып табылады. Елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды.

**Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған.**








Әл-Фарабидің «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді», - деген сөзін ескере отырып алдағы уақыттағы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жұмысты жүйелі, тиімді жүргізу арқылы студенттердің тереңде жатқан ойын дамыта отырып, оларды сөйлеуге, сыни тұрғыдан ойлауға, өмірде де тиімді пайдалана алатындай дәрежеде дәлелдеуге үйрету – «Өзін-өзі тану» мұғалімнің басты мақсаты болып табылуы маңызды.



Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі заманауи басқарудағы инновациялық қадамдар мен педагогикалық тиімді әдіс – тәсілдерін тәжірибеде қолданудың маңызы зор.







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ  
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



РМҚМ «БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,  
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ  
РГКП НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ,  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР «БӨБЕК»

## СЕРТИФИКАТ

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының  
білім алушылары арасында "Өзін-өзі тану" пәнінен  
жоба жұмыстары бойынша

Республикалық Олимпиаданың қатысушыларына

**Кириенко Егор**  
**Мартемьянов Дэвид**  
**Қуанышев Арман**

Жетекшісі: Джанузакова Алмагуль Керейовна  
("ASTANA POLYTECHNIC" Жоғары колледжі)  
беріледі

Бас директор  
ҰҒПББСО «Бөбек»



Е.Н.Сақенова

Алматы  
ақпан, 2021 год

№ СЕР21-164



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ  
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



РМҚМ «БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,  
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ  
РГКП НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ,  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР «БӨБЕК»

## ДИПЛОМ

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша  
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары  
білім алушылары арасында жоба жұмыстары бойынша өткен  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ**  
«Үздік білімі үшін» номинациясының иегерлері  
«В ДОБРЫЙ ПУТЬ» командасы

**Порватов Жикита**  
**Мартин Роман**  
**Солдатов Павел**

Жетекшісі: Джанузакова Алмагуль Керейовна  
(Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі)  
марапатталады

Бас директор  
ҰҒПББСО «Бөбек»



Е.Н.Сақенова






Алматы  
ақпан, 2021 год

№ СЕР21-235



# Публикация авторских материалов в сети Интернет публикации видеоуроков на сайте:

<https://elorda-mektep.kz/>



Білім беруді жаңарту студенттердің білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады. Функционалдық сауаттылық білім берудегі жаңа басымдықтарды айқындайды: алынған білімді өмірден практика жүзінде қолдануды, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуді, идеялар тудырып және іске асыруды, өзінің көзқарасын негіздей білуді қалыптастырады. Жеке тұлғаның функционалдық сапаларын белсенділік, шығармашылықпен ойлай білу, тосын шешім қабылдай білу, кәсіби жолын таңдай білу, өмірде өзін-өзі дамытып іске асыра білуді қалыптастырады. Бұдан басқа білім беруді жаңарту қазіргі кездегі оқу-тәрбие процесін студенттердің патриотизмін, мораль және адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыруына бағыттайды. Бұл құндылықтар «Өзін-өзі тану» сабақтарында жоғары деңгейде қолданылып жатыр.



**Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру және бағалау жүйесін енгізу. Бағалау кезінде білім алушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді.**

### **Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларына**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес «Өзін-өзі тану» пәні бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беретін пәнге жататыны туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 «Орта, техникалық, және кәсіптік, орта білімнің кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығына сәйкес «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін балдық-рейтингтік әріптік жүйеде жүргізілетіні туралы

Бұл нұсқаулықта келесі ұғымдар қолданылады:

**1) білім жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық тәжірибеде қабылданған және білім алушылардың рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін әріптік жүйеге сәйкес келетін балдық білім деңгейінің жүйесі;

**2) қорытынды аттестаттау**–білім алушының ТЖКБ мамандықтары бойынша типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында көзделген оқу пәндерінің / модульдерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**3) аралық аттестаттау**–білім алушылардың бір оқу пәнінің / модулінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оқып біткеннен кейін игеру сапасын бағалау үшін жүргізілетін рәсім;

**4) ағымдық бақылау**– оқытушы оқу жоспарына сәйкес ағымдағы сабақтарда академиялық кезең ішінде өткізетін білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеру;

**5) кредит**– білім беру бағдарламасының модулін игеру шеңберінде білім алушылардың кол жеткізген оқыту нәтижелерін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

**6) оқыту нәтижесі**– модульдің бір бөлігін бекітілген бағамен игеру кезінде білім алушы білетін, түсінетін және орындай алатын мәлімдеме;

**7) бағалау критерийлері**– оқыту нәтижелерін құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау бойынша шешім қабылдау.



1-кесте. Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыса отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49	

Таблица 1. Балльно-рейтинговая буквенная система оценки учебных достижений обучающихся с переводом в традиционную шкалу оценок

Оценка по буквенной системе	Цифровой эквивалент	Процентное содержание баллов	Оценка по традиционной системе
A	4,00	95-100	Отлично
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Хорошо
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Удовлетворительно
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	Неудовлетворительно
F	0,00	0-49	

Баяндамамның соңын қорытындылай келе, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесін дұрыс ұйымдастыра білу үлкен қажырлы еңбекті, шығармашылықты талап етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша әр ұстаз – ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз оқытушы, тынымсыз еңбекқор, шығармашыл, кез-келген ортаның ұйытқысы бола білуі керек. Алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында студенттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, еліміздің болашақ мамандары, бүгінгі жастары білімді де білікті болмақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында барлығымыз күш жігерімізді салып, елімізге пайдамдызды тигізіп жатсақ, өз ісін сүйетін, адал, рухы биік, жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, адамгершілігі мол, еңбекқор азаматтарды тәрбиелеп шықсақ, біздің мұғалімдік миссиямыз орындалмақ.